

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1273 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 1193 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 6 желтоқсандағы N 1193 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 46, 582-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті туралы ережеде:

10-тармақтың 1) тармақшасының жетінші абзацы "Қазақстан Республикасының өкілеттігін жүзеге асыру," деген сөздерден кейін " Халықаралық авиация туралы конвенцияға мүше мемлекеттердің авиациялық биліктері арасындағы ұшу қауіпсіздігін қадағалау жөніндегі және әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын ұстап тұру жөніндегі функциялар мен міндеттерді беру туралы келісімдерді әзірлеу және оларға қол қою," деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) кәсіптік дайындықтың талап етілетін деңгейін ұстап тұру үшін авиация техникасын пайдаланып, Комитеттің авиация мамандарының жаттығуын ұйымдастыруға ; " ;

12 - тармақта :

"көрсете отырып," деген сөздерден кейін "әуе кемесі экипажының кабинасында болу құқығымен" деген сөздермен толықтырылсын;

"әуе кемесі экипажы кабинасында" деген сөздер "әуе кемесі эксплуатанттарының келісімі бойынша, бос орындар болған кезде жолаушылар салонында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК